

**2025 жылғы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ бекітілген тарифтік сметаларының орындалуы туралы есепті тыңдау хаттамасы**

Ақтөбе қ.

№ 101-28P3

«28» 04 2026 ж.

**Төрағалық етті:** Абдиров К.- «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» аймақтық филиалының бас инженері (әрі қарай-Филиал)

**Қатысқандар:** Дарибаев А.- «Вагонсервис» АҚ жолаушылар вагондарын жөндеу жөніндегі Батыс филиалының өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы, Толеу Н.- «Вагонсервис» АҚ жолаушылар вагондарын жөндеу жөніндегі Батыс филиалының өндірістік-техникалық бөлімінің жетекші инженері, Литовченко С. «ЖелДорТранс-Ақтөбе» ЖШС өндірістік-техникалық бөлімінің жетекші инженері, Бакешов Ж.- «Сары-Арка Компани» ЖШС Маңғыстау учаскесінің бастығы, Муратов Б.- «Тенгри Экспресс» ЖШС Ақтөбе учаскесінің бастығы, Абсадиков М.- «Nomadas» ЖШС өндірістік-техникалық бөлімінің инженері  
Хатшы – Кожахметова Г.- Филиалдың өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы.

**Тыңдаудың күн тәртібі:**

**2025 жылғы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында «Жолаушылар тасымалы» АҚ бойынша бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы есеп**  
(К.Абдиров)

Тыңдау төрағасы К.Абдиров өз сөзінде қатысушыларды келесі ақпаратпен таныстырды:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен бекітілген «Табиғи монополия субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының» «Бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополия субъектілерінің қызмет тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізуі туралы есептерді тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізу тәртібі» атты 7-тарауына сәйкес, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «Батыс» жолаушылар тасымалы жөніндегі өңірлік филиалы сіздердің назарларыңызға 2025 жылға арналған «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында реттелетін қызметтерді көрсету бойынша қызметі туралы есебін ұсынады.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2017 жылғы 10 шілдедегі №155-ОД бұйрығына сәйкес табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті»

РММ-нің 2023 жылғы 16 қарашадағы №96-ОД бұйрығына сәйкес тариф бекітілді:  
- ҚҚС-сыз 1 вагон/сағат үшін 34,53 теңге, қолданыс мерзімі 01.11.2024 ж. бастап 31.10.2025 ж. дейін;  
- ҚҚС-сыз 1 вагон/сағат үшін 43,25 теңге, қолданыс мерзімі 01.11.2025 ж. бастап 31.12.2025 ж. дейін.

Алайда, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О. Бектенов 2025 жылғы 17 қазанда бекіткен «Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономикалық реформалардың теріс салдарын жұмсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарының» 4-тармағын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті теміржол қызметтеріне тарифтердің өсуін 2025 жылғы 01 қазаннан бастап 2026 жылғы 31 наурызға дейін тоқтатты. Осыған байланысты, тармақ пайдаланушыларымен қосымша келісімдер жасалып, тариф ҚҚС-сыз 34,53 теңге деңгейінде сақталды.

2025 жылға арналған жылжымалы құрамды тұраққа қою үшін кірме жолдарды ұсыну қызметтері бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы келесі көрсеткіштермен қалыптасты:

- негізгі құралдардың амортизациясы бойынша орындалу 16 296,78 мың теңгені құрады, жоспар – 6 746,95 мың теңге немесе 242%. Артық жұмсалыу 2024 жылғы желтоқсанда кірме жолдарға жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталуына байланысты қалыптасты;

- өзге шығындар бойынша жоспар 247,32 мың теңге көлемінде орындалмады, бұл ауа райы жағдайларына (жауын-шашынның азаюына) байланысты қар тазалау техникасымен кірме жолдарды тазалау қызметтері шығындарының игерілмеуімен түсіндіріледі;

- салықтар бойынша шығыстардың орындалуы 3 507,47 мың теңгені құрады, жоспар – 231,10 мың теңге немесе 1518%. Артық орындалу Атырау станциясындағы №7 кірме жол бойынша шығындардың есепке алынуына байланысты қалыптасты;

- 2025 жыл қорытындысы бойынша тариф 142,12 теңгені құрады, жоспар – 34,53 теңге немесе 412%.

2025 жыл қорытындысы бойынша маневрлік жұмыстарды жүргізу, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің өзге де технологиялық операцияларын орындау, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларымен көзделмеген жағдайларда жылжымалы құрамды тұраққа қою үшін, бәсекелес кірме жол болмаған кезде көрсетілген реттеліп қызметтер көлемі 139,34 мың вагон/сағатты құрады, жоспар – 190,56 мың вагон/сағат немесе 73%.

Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларымен «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «Батыс» жолаушылар тасымалы жөніндегі өңірлік филиалы келесі шарттарды жасасты:

- «Вагонсервис» АҚ-ның жолаушылар вагондарын жөндеу жөніндегі Батыс филиалымен 28.11.2024ж. №11-2/ЛВРЗ (Атырау ст. №7 кірме жолын жылжымалы құрамды тұраққа қою үшін ұсыну);

- «Отран Logistic» ЖШС-мен 23.12.2024ж. №12-31/ЛВРЗ (Атырау ст. №1 кірме жолын жылжымалы құрамды тұраққа қою үшін ұсыну);

- «Сары Арка Компани» ЖШС-мен 23.12.2024ж. №12-30/ЛВРЗ (Маңғышлақ ст. №39 кірме жолын жылжымалы құрамды тұраққа қою үшін ұсыну);
- «ЖелДорТранс-Ақтөбе» ЖШС-мен 23.12.2024ж. №12-29/ЛВРЗ (Орал ст. №71 кірме жолын жылжымалы құрамды тұраққа қою үшін ұсыну);
- «Тенгри Экспресс» ЖШС-мен 23.12.2024ж. №12-28/ЛВРЗ (Орал ст. №71 кірме жолын жылжымалы құрамды тұраққа қою үшін ұсыну);
- «Nomadas» ЖШС-мен 23.12.2024ж. №12-23/ЛВРЗ (Белкөл ст. №15 кірме жолын жылжымалы құрамды тұраққа қою үшін ұсыну).

2. Маневрлік жұмыстарды жүргізу, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің өзге де технологиялық операцияларын орындау, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларымен көзделмеген жағдайларда жылжымалы құрамды тұраққа қою үшін кірме жолды ұсыну бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке арналған 2021–2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаға (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің 2021 жылғы 23 тамыздағы №81-ОД бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетінің 2021 жылғы 10 тамыздағы №92 бұйрығымен бекітілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҰЭМ ТМРКД-нің 2025 жылғы 19 ақпандағы №11-ОД бірлескен бұйрығына енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2024 жылға үш іс-шараны іске асыру көзделген:

2.1. «Маңғышлақ ст. №39 теміржол кірме жолына күрделі жөндеу жүргізу» ҚҚС-сыз 66 071,00 мың теңге сомасына.

Іс-шараны іске асыру мақсатында «БайконурСтройСнаб» ЖШС-мен 2024 жылғы 06 маусымдағы № 994311/2024/1 шарт жасалды (құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау).

Жоба ҚҚС-сыз 64 333,00 мың теңге сомасына игерілді. 2024 жылғы 04 қарашадағы №37 орындалған жұмыстар актісі қол қойылды (шартты үнем – 1 738,00 мың теңге).

2.2. «Қызылорда ст. №15 теміржол кірме жолына күрделі жөндеу жүргізуге ЖСҚ әзірлеу және сараптамадан өткізу» ҚҚС-сыз 5 803,57 мың теңге сомасына.

Іс-шараны іске асыру үшін «СанжарПроектСервис» ЖШС-мен 2022 жылғы 09 маусымдағы № 699059/2022/1 шарт жасалып, «Қызылорда ст. №15 кірме жолына күрделі жөндеу» объектісі бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

Сондай-ақ «Эксперт Астана» ЖШС-мен 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 760567/2022/1 шарт жасалып, ЖСҚ-ға сараптама жүргізілді.

Жоба ҚҚС-сыз 2 599,96 мың теңге сомасына игерілді. Сараптама қорытындысы бойынша «Эксперт Астана» ЖШС-мен 2022 жылғы 30 қарашадағы №ЕХАС-0034/22 оң қорытынды берілді (шартты үнем – 3 203,61 мың теңге).

2.3. «Атырау ст. №7 теміржол кірме жолына күрделі жөндеу жүргізу» (іске асыру мерзімі 2023 жылдан ауыстырылған) ҚҚС-сыз 54 464,00 мың теңге сомасына.


Іс-шараны іске асыру мақсатында «АзияЖерСтрой» ЖШС-мен 2025 жылғы 17 қыркүйектегі №1130061/2025/1 шарт жасалды (құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау).


Жоба игерілмеді, себебі мердігер «АзияЖерСтрой» ЖШС шарттық міндеттемелерін бұзды (шартты үнем – 54 464,00 мың теңге).

2025 жыл қорытындысы бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы есебі назарға алынсын.

**Тыңдау төрағасы:**

**Тыңдау хатшысы:**

  
К. Абдиров

  
Г. Кожухметова